

Аудандық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару және бөлу нормативі туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 348 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 93 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 13.05.2025 № 93 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" ҚР Заңының 140 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" ҚР Заңының 31, 37-баптарына сәйкес, Сауран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару және бөлу нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Сауран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасын нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Сауран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында ораластыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қаулының орындалуын бақылау Сауран ауданы әкімінің орынбасары Е. Жанғазиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Ғ. Рысбеков

Сауран әкімдігінің

_____ 2022 жылғы

№ _____ қаулысына

Қосымша

Аудандық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару және бөлу нормативтері

1. Аудандық мемлекеттік кәсіпорындар үшін - таза кірісінің 45 пайызы мөлшерінде.

2. Коммуналық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бөлігі кәсіпорынның дамуына жұмсалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК